



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ: МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛУЫ МЕН БҮГІНГІСІ

Мустафина Т.В.
Астана қ.
mustafina_tv@bk.ru

Адамның жан-дүниесі және оның өмір сүріп жатқан ортасының барлық салаларында көрініс табатындықтан, ізгілік пен зұлымдықтың ара-қатынасы жайлы мәселе өзектілігі қашан да маңызды болып қала бермек. Егер ізгілік пен зұлымдықтың ара-қатынасы моральдік ұстанымдармен сәйкестендірілсе, қиянатқа орын жоқ екені білгілі. Әдетте, мораль субъектілері бірімен-бірі кімнің күшті екендігін дәлілдеумен емес, құндылықтар негізінде қарым-қатынас жасауы тиіс екені де анық. Дегенмен, біздер ғасырлар бойы күні бүгінге дейін адамзат өмірінде жұдырықты көрсетумен, зұлым күшті қару ретінде қолданумен үстемділік танытуға тырысып жатқан мысалдарды кеңінен білеміз.

Қиянатсыздық қағидатының тарихы сонау мыңжылдықтар бұрын бастау алып келген. Жазба деректердің ежелгісі деп танылатын көне үнді әннұрандарында қиянатсыздық туралы ой-толғамдар алғаш рет кездеседі. Қиянатсыздық қағидаты Көне және Жаңа Өсиетте де ерекше орын алады. Мұса пайғамбар қалдырған 10 негізгі өсиеттің бірі «өлтірме» деп берілсе, Иса пайғамбар өз ізбасарларын «дұшпанның зұлымдығына зұлымдықпен жауап беруден» бас тартуға шақырған [1]. Мұхамед пайғамбар арқылы адамзатқа аманат етілген Құранның негізгі идеясы, Жаратушының барша әлемді, адамзатты махаббатпен жаратқандығы және онда әрбір пенденің мейірімділікке құштар болуы тиіс екендігі жан-жақты айтылған.

Негізінен, қиянатсыздық идеясының рухани-өнегелік тамырлары терең. Аталмыш идеяның элементтері моральдік заң немесе өсиет түрінде барлық діни ілімдерде кездестіруге болады. Ал, XX ғасырда бұл идея теориялық тұрғыда ғана талданып қоймай, іс жүзінде көрініс тапты. Үндістандағы ұлт егемендігі және АҚШ-тағы азаматтық теңдік үшін күрес тәжірибелері қиянатсыздық идеясының саяси сахнада қолдануға тиімді құрал, әлеуметтік шиеленістерді шешудегі оңтайлы әдіс-тәсіл ретіндегі әлеуеті зор екендігіне көз жеткізгендей. Өткен жүзжылдықтан бастап қиянатсыздық қағидалары тұңғыш рет мақсатты түрде ауқымды қоғамдық мәселелерді шешуде әлеуметтік-саяси тәжірибеде көрініс байқата бастағанын Мохандас Ганди (Оңтүстік Африка мен Үндістан) және Мартин Лютер Кинг (АҚШ) бастаған әлеуметтік-саяси қозғалыстар мысалдарында көре аламыз [2, с.112].

Қиянатсыздық мәселесі соңғы 100-150 жыл ішінде ғалымдар тарапынан күн тәртібіне қойылып, философиялық, психологиялық, саяси тұрғыда жан-жақты зерттеліп келеді. Жүйелей келгенде, қиянатсыздық қағидасын зерделеуде бүгінгі күнде екі негізгі бағыт-бағдар ұсынылады. Шартты түрде бірін абсолюттік, екіншісін – прагматикалық деп атауға болады.

Қиянатсыздық қағидасының зерттелуіндегі абсолюттік бағыт-бағдарға сәйкес қиянат ұғымының негативті сипаты терең, ол кең мағынасында физикалық, психикалық, экономикалық үстемдікті ұйғарып, бұлармен қатар өтірік-өсек, жеккөру, екіжүзділік міндетті түрде қатар жүреді деп саналады. Бұл арада қиянат деген зұлымдықтың өзіне теңестіріледі. Мұнда қиянат идеясына қарсыласу абстрактілі түрде қабылданып, шынайы өмірмен жанаспайды. Себебі, көпшілігіміздің білуімізше, күнделікті тіршілікте зұлымдықтың үлкен-кішісі өз көрнінісін баршамызға танытып отырады.

Қиянатсыздық қағидасын зерделеудегі прагматикалық бағыт-бағдар қиянатты нейтралды тұрғыда және тәжірибе жүзінде анықтауға негізделіп, адамдардың бір-біріне көрсетуі мүмкін физикалық және экономикалық зәбірлікпен тепе-тең деп қарастырады. Олай болса, қиянат деп ұрлау, дене мүшесіне зақым тигізу, тіпті өлтіру деп ұйғарылады. Дегенмен, прагматикалық бағыт-бағдар тұрғысынан белгілі бір қажет жағдайларда қиянатты тиісінше қолдануды қарастыру мүмкіндігінің орны бар [1, с.147].

Философия тұрғысынан қиянат мәселесін қарастырғанда күш және күш қолдану ұғымдары бір-біріне қарама-қарсы екені ескерілгені жөн. Қиянат дегенде адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында бірден көзге түсетін физикалық зақым келтіруден әлдеқайда терең әрі ауыр психикалық қиянаттың зардабы зор. Психикалық тұрғыдағы қиянат кейде физикалық тұрғыдағы қиянат етуден күштірек болатыны да сөзсіз. Мұнда қиянаттың көріністеріне де назар аударып көруге болады. Күш қолдануды кей жағдайда тіпті тәрбие беруде, отбасылық қарым-қатынаста үстемдік танытуда, дін атынан қорқытуда, саяси топтардың ұрандарында, қаражатпен байланысты қарым-қатынастарда байқай аламыз.

Адамға физикалық актілер ғана емес, оның бойында қорқыныш, үрей секілді сезімдерді тудыратын психикалық актілер зақым келтіруі әлдеқайда ауқымды. Мысалы, террор режимінде денеге келтірілетін зорлық-зомбылықтан, азаптан гөрі қорқыныш сезімін түбегейлі ұялатытын психикалық қиянат әлеуеті зор. Психикалық қиянат адам баласының ішкі рухани еркіндігі, ой еркіндігі мәселесі қойылған тұста орын алады. Күш көрсетудің кері сипаты басқа адамның еркіндігін мойындамаумен байланысты. Қиянат етуші өзінің ғана еркіндігін алға тартып, өзгенің еркіндігін мүлдем жоққа шығарушы тұлға. Сондай-ақ, деспотиялық режимдердің идеологтары әдетте өзінің ғана еркіндігін, тәуелсіздігін негізге алып, қоршаған ортасымен санаспауы ықтимал.

Күш қолданып, зәбірлік көрсету арқылы қоғам өмірін жалғастыру, билік ету барысында зорлық-зомбылықты құрал ретінде қолдану бұл жолдың дәрменсіздігіне бүгін көз жеткізіп отыр. Қиянатсыздық болса, күш қолданудан саналы түрде бас тарту деп саналады. Адамзат ғасырлар бойы мыңдаған соғыстар жүргізіп, бір халық басқа халықты жаулап алып, құлдық іспеттес құбылыстар таралып келген. Дегенмен, адам баласы бірте-бірте қандай да болмасын зұлымдықты оған қарсы зұлымдықпен жеңу мүмкін емес екендігін түсініп келетіндей. Сонау ғасырлардан бері қиянатсыздық ілімдері әлемнің түкпір-түкпірінде ойшылдардың нақыл ілімдерінде көрініс тапса да, әрине, бұндай көзқарастар көпшілік арасында кең тарамаған-ды. Алайда, қиянатсыздық идеясы әлсін-әлсін адамзат ойлау санасында өз өрнегін қалыптастырып келуде.

Шығыстың индуизм, буддизм, даоссизм сияқты ілімдерінде бірінші кезекке эгоизм мен зәбірлік көрсетуге деген талпыныстан рухани еркіндік алып шығуды мақсат ретінде қарастырады. Үнді философиясында «ахимса» деген ұғымды жиі кездестіреміз. Оны үнділік дүниетанымның базалық категориясы, басты моральдік қиғадаты деп те түсіндіреді. Ахимсаның негізгі мағынасы тірі жандарға зәбірлік көрсетпеу, оларға жәрдем беру, тіршілікті, өмірді барынша құрметтеу дегенді білдіреді. Негізгінен, ахимсаның астарында үнділік азамат үшін өмір сүру стилі, өмірге деген көзқарас негіздері жүйеленеді. Сондай-ақ үнді философиясында «сатьяграха» деген ұғым қолданылады. Бұл арада сатьяграха айналада орын алуы мүмкін зұлымдыққа енжарлықпен қарамай, ізгілікке негізділе отырып, ұстанған «шындығына берік болып», алға жылжу дегенге саяды [1, с.156].

XX ғасырда ағылшындар отаршылдығынан тәуелсіздігін алғандар қатырында Үндістан көп мемлекеттің бірі ғана емес, үнділіктер қиянатсыздық философиясына сүйену негізінде егемендікке қол жеткізгендердің бірі болып табылатыны назар аударарлық жайт. Ойшыл әрі тәжірибелі саясаткер Махатма Ганди өз халқының тәуелсіздігі үшін бастаған әлеуметтік-саяси қозғалыста үнді халқының философиялық-мәдени мұрасының қаймағы аталуға лайық ахимсаға негізделе отырып, үлкен әрі ауыр бастаманы қолға алған. Өзі бастаған әлеуметтік-саяси қозғалыста Ганди «сатьяграха» деген ұғымды қолдануға бейім еді [3].

Қиянатсыздық қағидаттарына сүйеніп, қалай күресуге болады? Күрес деген күш қолдануға негізделмеуші ме еді? Олай болса, күрес қиратуға емес, жасампаз бастамаларға негізделгенде ғана қиянатсыздық қағидасының табиғатын ашуға болады. Олай болса, қиянат пен қиянатсыздықтың ара-жігін қалай ажыратамыз? Адамдар ненің зұлымдық екенін, ненің ізгілік екенін ажыратып алмағанынша, қиянат пен қиянатсыздықтың да шекарасын анықтауда қиындықпен жүздеседі. Бұл арада, әлбетте, ең басты ізгілік - ол адам өмірінің құндылығыдеген тұжырыммен келісе білу. Қиянатсыздық қағидасына сәйкес әрбір адамның

өмірі басты құндылық және әрбір адам өз еркіндігінің, құқықтарының толық иесі болып табылады.

Адамзат өмірінің арман қарай дамуы қиянатсыздық идеяларының зорлық-зомбылықтан жоғары тұруымен тығыз байланысты. Дегенмен, қиянат пен қиянатсыздықтың жағымды үйлесімдігі заңдылық ретінде кездесе бермейді. Бұған дейін шартты түрдегі бейбітшілік деген түсінік қирату күштерінің салыстырмалы түрдегі әлсіздігінің арқасында қамтамасыз етілген. Ал, біздің заманымызда ядролық қару деген қауіптің бұған дейінгі қарулардың қайқары жітпеген зұлымдықты бір-ақ сәтте жүзеге асырып, бүкіл әлемнің тас-талқанын шығаруға дәрмені жетіп тұр.

Қазіргі таңда адамзат баласының басына ядролық қару, экологиялық, демографиялық, т.б. жаһандық қауіп-қатерлер төніп тұрғанда күн тәртібінде қиянатсыздық қағидатының мән-жайы жан-жақты әрі түбегейлі қарастырылатын мәселе. Бүгін адамзат қоғамы мәмілеге келе отырып, зорлық-зомбылық құралдарын тарату, дамыту, қолданудан бас тартады ма? Әлде адамзат болашағы құрдымға кете ме? Олай болса, қиянатсыздық қағидаттарын қабылдау немесе қабылдамау бүгінгі күнде жеке тұлғаның жеке таңдауында емес, бұған дейін боламаған тарихи өзектілігі ерекше қоғамдық, жалпы адамзаттық мәселе болып табылады.

Әдебиет тізімі

1. Философия, мораль, политика [Текст]: Сборник статей // А.Гусейнов. – М.: ИКЦ «Академкнига», 2002.
2. Опыт ненасилия в XX столетии. Социально-этические очерки // Под ред. Р.Г. Апресяна. М.: Аслан, 1996.
3. Мораль в политике. Хрестоматия // Перевод с фр., англ., нем., исп., чешс. Составление и общая редакция Б.Г. Капустина. – М.: КДУ: Издательство МГУ, 2004.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Муталова Д.С.

Орал қ.

bekzatik2005@mail.ru

«Мәңгілік ел» идеясы – елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін арттыратын құндылықтарды біріктіретін идея. Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым.

Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану. Тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне зор сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түпқазығы етіп алдық. Біз үшін болашағымызға бағдар ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігіміз арқылы халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді» – деп айтып өткен болатын [1].

«Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оның көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси өрісіміз сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені